

## Ақтөбе облысында тауарлық газдың тұтыну нормаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 100 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 сәуірде № 4304 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 16 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 01.02.2017 № 16 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы "Газ және газбен жабдықтау туралы" Заңының 7 бабы 5-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысында тауарлық газдың тұтыну нормалары бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.С.Жұмағазиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А.Мұхамбетов*

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 19 наурыздағы  
№ 100 қаулысымен бекітілген

## Тауарлық газдың тұтыну нормалары

№ п.п.	Газды тұтыну сипаттамасы (Тауарлық газ)	Өлшеу бірлігі	Бір айлық тұтыну нормасы
1	пәтерде газ плитасы және орталықтандырылған ыссы су болғанда	айына 1 адамға	9,74
2	пәтерде газ плитасы және газ сужылытқыш болғанда (орталықтандырылған ыссы су болмағанда)	айына 1 адамға	24,09
	пәтерде газ плитасы болғанда және орталықтандырылған ыссы		

3	су мен газ сужылыткыш болмағанда	айына 1 адамға	14,35
4	жеке тұрғын үйлерді жылытуға арналған тұтыну нормасы	1 текше метр жылыту көлемі	9,157

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ